

## АКТ

2026 жылы қаңтардың 12-сі күні мектеп асханасының жұмысы тексерілді. Тексерудегі мақсат - тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу. Мектеп асханасының талапқа сай жұмыс істеуін бақылау.

### Тексеру жүргізгендер:

1. Мектеп директоры, комиссия төрайымы - А.Тажмаганбетова
2. Әлеуметтік педагог - А.Асқарова
3. Мектеп медбикесі - М. Аженова
4. Ата-ана - Ж. Жанайысова

### Тексеру барысында басшылыққа алынған критерилер:

1. Мектеп асханасының тазалығы. Ас әзірлейтін блоктың санитарлық жай- күйі.
2. Тәуліктік сынаманың болуы. Тағамға бетбелгі қою.
3. Перспективалық мәзірдің және күн сайынғы мәзірдің, дайындалған астардың сәйкестігі.
4. Азық-түліктерді уақытылы пайдалану және олардың сақталу мерзімі.
5. Тамақтарды тоңазытқышта, қоймаларда, мұздатқыш камераларда сақтаудың температуралық-ылғалдылық режимі.
6. Бракераж журналының жүргізілуі.
7. Тағам өнімдерінің сертификатпен сәйкестігі, сертификаттардың мерзімі.
8. Қызметкерлердің қызметтік формаларының талапқа сай болуы.

2018 ж 31 қазан № 598 бұйрықтың 43 – тармағының 4-тармақшасы бойынша оқушы санына қарай 5 қызметкер (1 асхана меңгерушісі, 1 аспаз, 1 наубайшы, 2 асхана қызметкері) жұмыс жасайды.

Тексеру барысында мектеп асханасының санитарлық жағдайы қанағаттанарлық деп бағаланды. Ас әзірлейтін және балалар тамақтанатын блоктар таза. Тәуліктік сынамалар алынған, арнайы белгіленген талаптарға сай сақталуда. Күнделікті мәзір перспективалық мәзірге сәйкес келеді. Дайындалған тағамдар бекітілген мәзірге сай ұсынылған.

Азық-түлік өнімдерінің жарамдылық мерзімі сақталған. Тоңазытқыштар мен қоймаларда тағам өнімдері тиісті температуралық режимде сақталуда.

Бракераж журналы талапқа сай, жазбалар уақытылы толтырылған. Тағам өнімдерінің сапа сертификаттары бар және жарамдылық мерзімі сақталған.

Асхана қызметкерлері арнайы қызметтік киіммен қамтамасыз етілген, санитарлық талаптар сақталған.

Мектеп асханасының жұмысы, білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету үдерісі қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылған. Кемшіліктер анықталған жоқ.




Комиссия асхана жұмысын жан - жақты тексеріп, төмендегідей шешімге келді.

### Шешім:

1. Ас блоктарының тазалығын, тамақтың сапасын, құрамын қадағалау медбике мен әлеуметтік педагогқа міндеттелсін.
2. Тамақ өнімдерін уақытылы қабылдау, тиісті журналдарға тіркеу, күнделікті тәуліктік сынамаларды алуды бақылау және қадағалау асхана меңгерушісі А. Жилкишиеваға міндеттелсін.

Мектеп директоры, комиссия төрайымы  
Әлеуметтік педагог  
Мектеп медбикесі  
Ата-ана  
Асхана меңгерушісі




А.Тажмаганбетова  
А. Асқарова  
М. Аженова  
Ж. Жанайысова  
А. Жилкишиева